



«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2021 ж. «23» қыркүйек
№ 10/21 хаттама
шешімімен бекітілген

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясаты

Қ 05-02-11

Нұр-Сұлтан 2021



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясаты

Қ 05-02-11

4-редакция

16 беттің 2-парағы

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	4
2 Қолданылу аясы	4
3 Анықтамалар мен қысқартулар	4
4 Жауапкершілік	5
5 Нормативтік сілтемелер	6
6 Аудиторды таңдау	6
7 Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу	7
8 Аудиторлық емес қызметті бекіту	10
9 Аудиторлық ұйым аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жағдайлардағы мүдделер қақтығысы	11
10 Мерзімді есептілік	11
11 Жоба бойынша серіктесті ауыстыру	13
12 Аудиторлық қызметкерін Қоғамға жұмысқа алу	13
13 Аудитордың жыл сайынғы растауы	13
14 Қорытынды ережелер	14

1 Жалпы ережелер

1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру, олардың таңдауы бойынша біріздендірілген рәсімдерді ендіру, «Самұрық – Энерго» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсынған кезде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

2 Қолданылу аясы

2. Саясатта көзделген негізгі ережелер Қоғамға аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей, белгілі бір аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін аудиторларды тартуға мүмкіндік береді.

3. Аталған Саясат Қоғамға қатысты. Қоғамның тобына кіретін еншілес ұйымдар осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы өз саясатын дербес әзірлейді.

4. Саясат үнемі қолданылуы және сақталуы тиіс бірқатар нұсқаулар мен рәсімдерден тұрады.

3 Анықтамалар мен қысқартулар

5. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- **Аудитор** – жасалған шарт негізінде Қоғамның аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, Қоғамның шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызмет көрсететін аудиторлық ұйым;

- **аудиторлық ұйым** - аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысу құқығы бар);

- **Топ/Топ компаниялары** – Қоғам мен оның еншілес ұйымдары;

- **еншілес ұйымдар** – Қоғамның 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ХҚЕС-ке сәйкес еншілес ұйым ретінде айқындалатын еншілес ұйымы;

- **Заң** – «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- **Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі** – Халықаралық бухгалтерлер



федерациясының бухгалтерлерге арналған Этика стандарттары жөніндегі комитеті шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған этикалық талаптар (Этика стандарттары) жиынтығы.

- **Аудит комитеті** – Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған не Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметін бақылау тәртібімен зерделейтін мәселелерді тереңдете пысықтау және Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасына қажетті ұсынымдарды әзірлеу үшін құрылған Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы;
- **мүдделер қақтығысы** – аудиторлық ұйымның мүдделілігі оның аудиттен өтетін субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай;
- **аудиторлық емес қызметтер** – Аудитор көрсететін жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті және/немесе аралық аудиторлық шолуы болып табылмайтын қызметтер;
- **Қоғам** – «Самұрық-Энерго» АҚ;
- **Есепті жыл** – 1 қаңтардан 31 желтоқсанды қоса алғандағы қаржылық жыл;
- **Басқарма** – Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын және Қоғамның стратегиясын іске асыруға жауапты Қоғамның алқалы атқарушы органы;
- **Ішкі аудит қызметі** – Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган;
- **Директорлар кеңесі** – Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасайтын органы;
- **БЖСЕҚБ** – Қоғамның бухгалтерлік және салық есебіне жауап беретін құрылымдық бөлімшесі;
- **Шектеу сомасы** – алдыңғы қатарынан алғандағы үш есепті жылдың ішінде Аудитордың Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтеріне арналған шығыстардың орташа сомасының 50% - ынан аспайтын әрбір есепті жылға арналған есептік сомасы, ол Аудитор көрсететін аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардан аспауы тиіс.

4 Жауапкершілік

2. Осы Саясатты Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Осы Саясатта



көрсетілген талаптардың енгізілуіне Қоғамның экономикалық және қаржы қызметін қадағалайтын басшы бақылау жасайды.

2. БЖСЕҚБ басшысы – бас бухгалтер мен Аудит комитеті осы Саясаттың тиісті тармақтарының талаптарының орындалуына жауапты болады.

5 Нормативтік сілтемелер

3. Осы Саясат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Заң;

- Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ережесі;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы «Самұрық-Қазына» АҚ Саясаты;

- Қоғамның Ішкі нормативтік құжаттарын басқару қағидалары;

- Қоғамның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар.

6 Аудиторды таңдау

4. Қоғамның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарға арналған Аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

5. Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде қолданылатын негізгі критерийлер:

1) қызмет көрсету тәсілі:

- Аудиттің Қоғамның ерекшеліктері мен талаптарына қатысты әдіснамасы мен стратегиясы;

- жұмысты үйлестіру және бақылау;

- аудит жүргізу мерзімі;

- Аудит комитетінің басшылығымен және мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;

- Ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілі;

- есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу әдістері мен тәсілдері;

- аудиттің нәтижелілігін тұрақты жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер.

2) жобалау командасының құзыреті

- аудиттің сапасы мен мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті біліктілік пен ресурстардың болуы;
- салалық тәжірибе, оның ішінде ұқсас ауқымдағы клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі;
- 3) қызмет сапасы:
 - аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейі;
 - аудиторлық ұйым мамандарының қазақстандық және халықаралық нарықта жұмыс тәжірибесінің болуы;
 - сала бизнесін білу (аудиторлық ұйымның белгілі бір салада клиенттері неғұрлым көп болса, соғұрлым ол осы саланың мәселелерін жақсы біледі және проблемаларды шешудің оңтайлы нұсқаларын тез табады);
 - Қазақстанда мамандандырылған техникалық қолдау тобының (ХҚЕС-ке сәйкес есепке алу мәселелері бойынша сарапшылардың) болуы немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру туралы міндеттемені ұсынуы;
 - қызмет көрсетудегі жеделділік;
 - кемшіліктерді анықтау және қаржылық есептілікті дайындау процесі бойынша ішкі бақылауды жетілдіру бойынша ұсынымдар беру жөніндегі жұмыстың тиімділігі.
- 4) аудиторлық ұйымның аудиттің халықаралық стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексін сақтауы;
- 5) қазақстандық, сондай-ақ халықаралық нарықта беделінің оң болуы;
- 6) қызметтерді көрсетуге бөлінетін жұмыс уақытының ұзақтығы және қызметтердің құны;
- 7) тәуелсіздік және мүдделердің ықтимал қақтығыстары:
 - ықтимал қақтығыстар және оларды шешу тәсілі (оның ішінде тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыстың сипаттамасы);
 - әріптестерді ротациялау және жобалау тобы мүшелерінің сабақтастығын жоспарлауға қатысты міндеттемелер мен тәсілдер;
 - сапаны бақылау және клиенттің қанағаттануын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

7 Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу

6. Қоғам аудитпен байланысты емес белгілі бір қызметтерді ұсыну және Аудиторға төленген аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы деңгейі мүдделер қақтығысына немесе объективтіліктің нақты немесе болжамды жоғалуына әкелуі мүмкін деп санайды. Аудиторлық ұйымның әлеуетті қызметтерінің әрқайсысы мынадай санаттардың біріне жіктелген:

А санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Аудитор Қазақстан Республикасы



заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынуы тиіс аудиторлық емес қызметтер. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсету Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып жүргізіледі. А санатындағы аудиторлық емес қызметтер мыналарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті немесе реттеуші орган талап ететін есептілік;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін ішкі қаржылық бақылау туралы есептілік;

- құзыретті немесе реттеуші органдар талап ететін немесе егер құзыретті немесе реттеуші орган қызмет көрсету үшін Аудиторды айқындаған не Қоғамға/еншілес ұйымға Аудитор осы қызметтерді көрсету үшін таңдалуы тиіс екенін көрсеткен жағдайда;

- Қоғамға Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін міндеттемелерді орындау шеңберінде көрсетуге тиіс қызметтер: мұндай қызметтерді көрсету уақытпен қатаң шектелген жағдайда, мұндай қызметтердің мәні бағаға сезімтал болған және бейтарап, әділ және хабардар етілген үшінші тарап қаржылық есептілік аудитінің мақсаттары үшін Аудитор алған Қоғамның/еншілес ұйымның қызметін түсінудің осы қызмет үшін маңызы бар екені және қызметтің сипаты Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтіні туралы қорытындыға келген жағдайда осы органдарға берілетін есептер.

А санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 13-тармағында көрсетілген шектеу сомасын сақтауды талап етпейді.

В санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша оның тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін және Аудитор Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып ұсынуы мүмкін аудиторлық емес қызметтер:

- кредиттік келісімдер бойынша есептілік (заңнамада талап етілетіндерді қоспағанда);

- Қоғамның тапсырмасы бойынша көрсетілетін қаржылық ақпарат/қаржылық бақылау бөлігінде кеңейтілген аудиторлық рәсімдерді көрсету бойынша қызметтер, егер бұл жұмыс көрсетілетін аудиторлық қызметтермен біріктірілген болса және сол негізгі шарттарда орындалса;

- Қоғамның тапсырмасы бойынша көрсетілетін маңызды еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізу бойынша қызметтер;

- заңнамада немесе бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарында болған өзгерістерді талдауды ұсыну бойынша қызметтер;

- салықтық кеңес беру бойынша қызметтер;



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту
саласындағы саясаты

Қ 05-02-11

4-редакция

16 парақтың 4-беті

- Қоғамның/еншілес ұйымның инвестициялық келісімдер мен проспектілер шеңберінде дайындалатын жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқа да қызметтер;

- Қоғамның/еншілес ұйымның инвестициялық келісімдер немесе проспектілер шеңберінде есептілікті растау / дайындау немесе ақпаратты ашу бойынша қызметтер;

- компаниялардың бірігуі мен жұтылуы жөніндегі мәмілелерді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

- Қоғамның/еншілес ұйымның қаржы ұйымынан ерекшеленетін есептілігін растау бойынша қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, орнықты даму бойынша есептілік және т.б.).

В санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 13-тармағында көрсетілген Шектеу сомасын сақтауды талап етеді.

С санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздіктен айырылуға әкелетін әрі Заңға және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген басқа да шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер. Мұндай қызметтерге мыналар жатады:

- кейінге қалдырылған салықты қоса алғанда, салықтарды есептеуге және/немесе есептіліктің салықтық нысандарын дайындауға байланысты салық қызметтері;

- салық органдарына тексеру жүргізу кезінде қолдау көрсету бойынша қызметтер;

- Қоғамның басқару шешімдерін қабылдауға немесе басқаруға қатысуға байланысты қызметтер;

- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау бойынша қызметтер;

- Қоғам қызметкерлеріне жалақы есептеу және төлеу бойынша қызметтер;

- қаржылық ақпаратты дайындаумен және/немесе бақылаумен байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу мен енгізу жөніндегі қызметтер немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйелерін әзірлеу және енгізу;

- бағалау жүргізу бойынша қызметтер, оның ішінде актуарлық міндеттемелер немесе Қоғамның сот талқылауларына байланысты міндеттемелер;

- заң қызметтері, оның ішінде заң кеңесшісі қызметі, Қоғам атынан келіссөздер жүргізу, сот дауларын шешуде Қоғамның мүдделерін қорғау;

- Қоғамның ішкі аудитін жүргізу бойынша қызметтер;

- комплаенс саласындағы қызметтер;

- Қоғам шығарған бағалы қағаздар проспектілеріне қатысты кепілгерлік хаттарды шығару сияқты қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық қызметтерді ұсынуды қоспағанда, капиталды қаржыландыруға, құрылымына және бөлуге, сондай-ақ Қоғамның инвестициялық стратегиясына байланысты қызметтер;

- Қоғамның акцияларын жылжытуға, сатуға немесе андеррайтингке қатысты қызметтер;

- бухгалтерлік есепті жүргізуге және Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға әсер ететін басшылық позицияларға қызметкерлерді іздеу және тестілеу бойынша қызметтер;

- Қоғамның ұйымдық құрылымын анықтау бойынша қызметтер;

- Қоғам шығындарын бақылау бойынша қызметтер.

7. Қоғамға/еншілес ұйымға А және В санаттарына жататын аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудитор Аудит комитетінің рұқсатын алуға міндетті.

8. Аудитордың есепті жыл ішінде Топқа көрсеткен В санатындағы аудиторлық емес қызметтеріне арналған шығыстардың жалпы сомасы Аудитордың алдыңғы қатарынан алғандағы есепті үш жыл ішінде Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтеріне арналған шығыстардың орташа сомасының 50% - ы ретінде есептелетін Шектеу сомасынан аспауы тиіс.

9. Қоғам С санаты бойынша қызмет көрсету үшін Қоғамның міндетті аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тартпайды.

8 Аудиторлық емес қызметті бекіту

7. Аудитор Қоғамға/еншілес ұйымға А және В санаттарындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор Аудит комитетіне осындай қызметті көрсетуге рұқсат беруге сұрау жібереді. Сұрау аясында Аудитор рұқсат алудың Аудитордың тәуелсіздігіне неліктен қауіп төндірмейтінінің себептерін тізімдеуі керек. Сұрау салуда Аудитор кем дегенде мынадай ақпаратты көрсетуі тиіс:

1) қызметтің толық сипаттамасы;

2) шамамен алғандағы қызметтерді көрсетуге байланысты төлеуге болатын күтілетін сыйақы;

3) осы қызметті көрсету кезіндегі тәуелсіздікті талдау;

4) осы қызметті көрсету кезінде мүдделер қақтығысының болмауын растау;

5) Осы Саясаттың ережелеріне сәйкес көрсетілетін аудиторлық емес қызметтің болжамды жіктемесін қамтуға тиіс.

8. Аудитор Қоғамға/еншілес ұйымға В санатындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда Аудитор Аудит комитетіне Аудитордың алдыңғы қатарынан алғандағы үш жыл ішінде Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтері үшін есептелген және төленген сыйақы бойынша ақпаратты қосымша ұсынуы тиіс.

9. Аудит комитеті Аудитордың сұрауын қарайды, аудиторлық емес қызмет жіктемесінің дұрыстығын тексереді және Аудиторға аудиторлық емес қызмет көрсетуге рұқсат беру/бермеу туралы шешім қабылдайды. Аудит комитетінің шешімі Аудиторға жіберіледі.

10. Осы Саясаттың 17-тармағы бойынша Аудит комитеті қабылдаған шешімдер Директорлар кеңесіне мәлімет үшін ұсынылады.

9 Аудиторлық ұйым аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жағдайлардағы мүдделер қақтығысы

11. Сатып алу рәсімдерін жүргізу және аудиторлық қызметтерді алу кезінде Қоғам аудиторлық ұйым үшін аудиторлық қызмет көрсету салдарынан қауіпсіздікке мынадай қауіп-қатердің:

1) осы аудиторлық ұйым бұрын көрсеткен қызметтердің сипатына қатысты;

2) қаржылық есептілікте қамтылатын кезең ішінде немесе одан кейін осы аудиторлық ұйыммен қаржылық немесе іскерлік қатынастарға қатысты туындау мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Қоғам аудиторлық ұйым үшін өзін-өзі бақылау қатерін болдырмауы немесе оны қолайлы деңгейге жеткізуі үшін шаралар қолданбаған немесе шаралар қолдану мүмкін болмаған жағдайда, осындай аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерін ала алмайды.

12. Аудиторлық ұйымға Заңда көзделген жағдайларда аудит жүргізуге тыйым салынады.

13. Аудиторлық ұйымның Қоғамға көрсететін қызметтері объективтілік пен құпиялылық қағидаттарын бұзбауы тиіс:

1) аудиторлық ұйымның қатысушылардың көпшілігі Қоғамның бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындары немесе ұқсас бірлестіктері болған кезде;

2) аудиторлық ұйым Қоғамға және мүдделері қайшы немесе қандай да бір мәселелер, операциялар мен проблемалар бойынша бір-бірімен кереғар пікірдегі немесе айтыс-тартыстағы басқа да ұйымдарға қызмет көрсеткен кезде құрылуы мүмкін.

10 Мерзімді есептілік



14. Жыл сайын, Есепті жылдан кейінгі жылдың 24 наурызына дейінгі мерзімде Топтың компаниялары БЖСЕҚБ-ға аудиторлық ұйымдар көрсеткен және осы Саясатқа қосымшаға сәйкес алдыңғы есепті жылдағы жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстарға қатысты ақпаратты ұсынады. Жыл сайын, Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейінгі мерзімде БЖСЕҚБ Топ компаниялары ұсынған ақпараттың негізінде осы Саясатқа қосымшаға сәйкес аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстарға қатысты деректерді шоғырландырады және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жауапты құрылымдық бөлімшесіне ұсынады. Ақпаратты ұсыну рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды тандау жөніндегі қағидалармен регламенттелген.

Топ компаниялары аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы Есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстарға қатысты ұсынатын ақпаратты аудиторлық ұйымдар алдыңғы Есепті жыл үшін Топ компаниялары мен аудиторлық ұйымдар арасындағы салыстыру актісіне қол қоя отырып, алдын ала салыстыруы тиіс. БЖСЕҚБ Топ компаниялары ұсынған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

15. БЖСЕҚБ басшысы – бас бухгалтер Аудит комитетіне жылына кемінде бір рет алдыңғы Есепті жыл үшін ақпаратты, оның ішінде:

- 1) Аудитордың Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтерінің көлемін;
- 2) Аудитордың Топқа көрсеткен А және В санаттарына енгізілген аудиторлық емес қызметтерінің көлемін (аудиторлық емес қызметтердің түрлері бойынша бөлінген);
- 3) Топтың Аудиторға осындай қызметтер көрсеткені үшін төлеген сыйақысын (әрбір жеке қызмет үшін және жиынтығында) қамтитын есепті ұсынады.

16. Сондай – ақ БЖСЕҚБ басшысы - бас бухгалтер Аудит комитетіне қарауға және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жариялауға мынадай ақпаратты:

1) алдыңғы Есепті жылы Қоғамның Аудиторға аудиторлық қызмет көрсеткені үшін төлеген сыйақысын;

2) алдыңғы Есепті жылы Қоғамның Аудиторға аудиторлық емес қызмет көрсеткені үшін төлеген сыйақысын (аудиторлық емес қызмет түрлері бойынша бөлінген) ұсынады.

17. Аудит комитеті жариялау туралы шешім қабылдағаннан кейін БЖСЕҚБ Аудитордың Қоғамға Есепті жылы көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтері туралы ақпаратты Қоғамның интернет - ресурсына ақпаратты орналастыруға жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

11 Жоба бойынша серіктесті ауыстыру

18. Қоғам Аудитордан әрбір бес жыл сайын жоба бойынша (аудит үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алатын) серіктесті ауыстыру қағидатын ұстануды талап етуге тиіс. Осы нәтижеге қол жеткізу жөніндегі сабақтастық жоспарын Аудитор әзірлеп, ауыстыру жүргізілгенге дейін кемінде бір жыл бұрын Қоғамның Аудит комитеті мен Экономика және қаржы жөніндегі қызметін қадағалайтын басшыға қарау үшін ұсынуға тиіс.

12 Аудиторлық қызметкерін Қоғамға жұмысқа алу

19. Егер Қоғам Басқармасының мүшесі, Басқарушы директоры, Бас бухгалтері немесе Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына Қоғамның міндетті аудитіне Аудитор қызметкері ретінде қатысатын немесе Қоғамның міндетті аудитіне Аудитор қызметкері ретінде қатысқан адамды оны Қоғамға тағайындаған (сайлаған) күннің алдындағы екі жыл ішінде тағайындау (сайлау) көзделетін жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында оны тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін ұсынылып отырған үміткер бойынша Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

13 Аудитордың жыл сайынғы растауы

20. Аудитор Аудит комитетіне (жылына кемінде бір рет) мыналарды:

- аудитордың тәуелсіздігі сақталғанын;
- Аудитор мен оның серіктестерінің Топқа кіретін компанияларда ешқандай қаржылық мүдделерінің жоқ екенін;
- Аудиторлық топ мүшелерінің Қоғамда ешқандай қаржылық мүдделерінің жоқ екенін;
- осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам мен Аудитор

арасында қызмет көрсетудің ешқандай өзге жағдайлары жоқ екенін;

- Қоғамның Аудиторға төлейтін сыйақысының ешқандай бөлігі төтенше жағдайлардың туындауы негізінде төленбегенін;

- Қоғамға көрсетілген әрбір қызмет бойынша Аудитор алған сыйақының жалпы сомасы Аудитордың Қоғамға немесе Топқа қаржылық тәуелсіздігіне елеулі әсер етпегенін, оның шегі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің (the ACCA Rules of Professional Conduct) Сертификатталған алқаби бухгалтерлері қауымдастығының Кәсіби этика қағидаларына сәйкес аудитордың жалпы табысының 15 пайызынан аспауы тиіс екенін;

- Қоғам мен Аудитор арасында ешқандай дау жоқ екенін растайды.

21. Аудит комитеті жыл сайын Директорлар кеңесіне Аудитордың осы Саясаттың 28-тармағында айтылған растауды бергенін растайды.

14 Қорытынды ережелер

22. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

23. Осы Саясат мұнда баяндалған талаптардың өзектілігіне байланысты мезгіл-мезгіл бағаланып отыруы тиіс. Аудит комитеті, қажеттілігіне қарай, осы мақсаттар үшін Ішкі аудит қызметін тарта отырып, Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту
саласындағы саясаты

Қ 05-02-11

4-редакция

16 парақтың 4-беті

түсіндірмелер